

"Станкомаш" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 9 қыркүйек N 846. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.10.26. N 1382 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін, өтпелі кезеңде мемлекеттік реттеуді күшейту, нарықтық құрылымдарды қалыптастыру және станок жасау мен аспан өнеркәсібін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес кәсіпорындардың негізінде "Станкомаш" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан былай - Компания) құрылсын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті заңда белгіленген тәртіп бойынша Компанияның құрамына енгізілген мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін басқару құқығын, сондай-ақ бұрын құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын Компанияға табыстайтын болсын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерлендірілуіне қарай Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті сататын акциялардың пакеттерін қоспағанда, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіп бойынша Компанияға берілетін болсын.

2. "Станкомаш" мемлекеттік холдинг компаниясы қызметінің негізгі мақсаты республика өнеркәсібінің өңдеуші салаларына шетел инвесторларын тарту, өндірісті көп салалы етіп өрістету және коммерцияландыру деп белгіленсін және оған:

өзінің құрамына енетін кәсіпорындардың қызметін үйлестіру;

компанияның өзара байланысты өндірістік бағдарламаларын қарау мен жасау

;

негізгі өнім түрлері бойынша мемлекет мұқтаждарына арналған тапсырысты кәсіпорындарға жеткізу;

мәшине жасауды дамыту, техникалық қайта жарақтандыру, айналадағы ортаны қорғау жөнінде аса маңызды ғылыми-техникалық бағдарламалар жасау жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігімен бірлесіп Компанияның мүліктік кешенін қалыптастыру жөніндегі жұмысты бір ай мерзім ішінде аяқтау және құрылтай құжаттарын бекіту тапсырылсын.

4. "Станкомаш" мемлекеттік холдинг компаниясының орналасатын

жері Алматы қаласы деп белгіленсін.

5. Алматы қаласының әкімі, мемлекеттік мүлік жөніндегі Алматы аумақтық комитеті Компанияның атқарушы аппаратын орналастыру үшін қажетті қызметтік үй-жайлар бөліп, техникалық құралдармен, телефон және телекс байланысы арналарымен қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 9 қыркүйектегі

N 846 қаулысына

Қосымша

"Станкомаш" мемлекеттік холдинг компаниясының

құрамына кіретін кәсіпорындардың

Тізбесі

Станок жасау зауыты, Алматы қаласы

Экскаватор зауыты, Кентау қаласы, Оңтүстік Қазақстан облысы

Тәжірибе-механика зауыты, Жамбыл қаласы

"Коммунмаш" зауыты, Жамбыл қаласы

Механика зауыты, Қарағанды қаласы

"Мирас" мәшине жасау зауыты, Талдықорған қаласы

Мемлекеттік ішпек зауыты-16, Степногор қаласы, Ақмола облысы "

Қазстаноксервис" шағын мемлекеттік кәсіпорны, Алматы қаласы "Станокаспап" өнеркәсіп-сауда үйі, Алматы қаласы

Метиз зауыты, Лепсі қаласы, Талдықорған облысы

Тігін фабрикасы, Түркістан қаласы, Оңтүстік Қазақстан облысы
Сорап зауыты, Ақмола қаласы
Газ аппаратурасы зауыты, Семей қаласы
Арматура зауыты, Семей қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК